

A decorative border on the left side of the slide, featuring green vines, leaves, and clusters of small red and orange flowers.

Үйдегі қарапайым дүниелер мен
қолданыстағы бұйымдарды пайдалана
отырып, мектеп жасына дейінгі
балалардың үй жағдайындағы ұсақ
моторикасын дамыту



Баланың ақылы оның саусағының
ұшында. **В.А.Сухомлинский**

Ұсақ моторикасы дамымаған бала бойындағы кемшіліктер:

-Түзу сызық сыза алмайды (тігінен, көлденеңінен).

-Графикалық жаттығулар орындау қиындық келтіреді (сандар, геометриялық пішіндер):

-Сурет салғысы келмейді, илеу, жапсыру жұмыстарын жасамайды. Мектепте жай жазады, каллиграфиясы нашар және т.б.

Графикалық жаттығулар арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың ұсақ моторикасын дамытудың кезеңдері. Барлық топтарда ұсақ моториканы дамыту баланың қолын зерттеу мен ата-аналарға кеңес беруден басталады.



Ұсақ моторика дегеніміз – бұл баланың қозғалысы, тілі, ақылы. Адам миының сөйлеуге және ұсақ қозғалысына жауап беретін аумағы өте жақын орналасқан. Яғни моторикаға әсер ету арқылы біз сөйлеу әрекетінің белсенділігін арттырамыз. Ұсақ моторика баланың өсе келе киініп, шешінуіне, сурет салып, жазуына көмектеседі. Осы орайда «саусақ моторикасын не үшін дамыту керек?» деген сауал туындайды. Ұсақ саусақ моторикасының дамуы –бұл баланың психикалық дамуының көрсеткішінің бірі. Ұсақ моториканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін және баланың мектепке психологиялық дайындығын көрсетеді. Ұсақ моторика – танымдық процестердің негізі: зейіні, жады, қабылдау, ойлауы мен тілінің дамуы, кеңістікті бағдарлауы.

Қосымша

1. Шикі ботқа өнімдері
2. Қарақұмық
3. Күріш
4. Арпа
5. Слайм
6. Қыстырғыштар
7. Сурет салу
8. Саусақ ойындары
9. Ермексаз
10. Түймелер



Ойын жаттығуларын беруде мына принциптерге сүйену қажет:

1. Ойын жаттығулары балаларға қызықты, тартымды болуы қажет, ересек пен бала арасындағы қарым-қатнас сенімділікке құрылуы қажет.

2. Саусақ жаттығулары қарапайымнан күрделіге қарай ойысады.

«Саусақ ойындары»

1. Ойын – манипуляциясы. Үлкендердің көмегімен немесе өздігінен орындай алады. Қиялын дамытады.


2. Сюжеттік саусақ жаттығулары. Балаларға заттарды суреттеуге рұқсат беретін жаттығулар

Саусақ ойындары мен жаттығуларын орындату үшін де әртүрлі тәсілдер қолданылады. Саусақ қозғалыстары әртүрлі қысқа ырғақты тақпақтарымен айтылады.

1. Отырып ойнайтын саусақ ойындары.

2. Қолдың нәзік бұлшеқ еттерімен бірге дененің барлық мүшелері қатысып, секіру бір орында жүгіру, қол, аяқ, бас қимылдары да бірге орындалады






Түрлі слайм, үй жағдайында ұсақ моториканы дамыту тәсілдері мен жолдары. Мәселен, түрлі ұсақ, ұнтақ шикі ботқа өнімдерін қолдану қолжетімді болып табылады



Үлкен-кіші, түрлі-түсті түймелер





Адамның он екі мүшесінің тіршілікте атқарар міндеті зор. Соның ішінде екі қолға бес – бестен біткен он саусақты күнделікті қажетті жұмыстарды атқаруға пайдаланытынымыз белгілі. Сонымен қатар ертеден бізге жеткен «Қуырмаш» ойынынан саусақ атауларын бала тәрбиелеуге, оның тілін жетілдіруге, ойын ұштауға әдемі пайдаланғанын білеміз.

Қуыр, қуыр, қуырмаш,
Тауықтарға тары шаш.

Балапанға бидай шаш,
Балаларға тәтті шаш .



- дей келіп, жұмылған әр саусақты жеке-жеке ашарда:

Сен түйеңе бар,
Сен жылқыға бар.
Сен сиырға бар,
Сен қойына бар,
Сен үйде отырып
Шешене көмектес.

- деп әр саусаққа тапсырма беріледі. Одан соң әр саусақтың басынан ұстай тұрып «қарның ашса: мына жерде нан бар, мына жерде май бар» деп әртүрлі астың атай келіп, қолтыққа жеткенде «қуырмаш», «қуырмаш» деп қытықтайды.

Көтеріңкі көңіл – күй сыйлайтын бұл ойын балаға саусақтардың атын, адамға нәр берер түрлі астың атауын да үйретеді. Сондай – ақ төрт түлік малды таныстырып, оны бағып еңбектенгенде ғана тамақтануға болатынын ескертіп, еңбекпен тапқан тамақ тәтті болатынын уағыздайды.

Халық өзінің өмір тәжірибесінде тіршілікте қалай қолдануына қарай саусақтарға ат қойған. 1-ші саусақ- «Басбармақ», 2-ші саусақ – «Балаң үйрею», 3-ші саусақ – «Орған терек», 4-ші саусақ- «Шылдыр шүмек», 5-ші саусақ – «Кішкентай бөбек».



Саусақ ойындары

- Тук-ток, тук-ток жұдырық балға сияқты соғады,
- Тук-ток, тук-ток екі қолмен ұрамыз,
- Тук-ток, тук-ток тақамен де соғамыз,
- Тук-ток, тук-ток тақалармен тарсылдатып,
- Тук-ток, тук-ток екі қолмен, екі аяқ.

